

«Mastercard-пен керемет футбол» маркетингтік акциясын өткізу және оған қатысу ережелері мен шарттары (бұдан әрі мәтін бойынша – «Ережелер»)

2025 жылғы 31 мамырда Германияның Мюнхен қаласында өтетін «Mastercard-пен керемет футбол» ынталандыру іс-шарасы (бұдан әрі – «Акция») «Mastercard» тауар белгісіндегі қызметтерге, сондай-ақ «Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ) қызметтеріне қызығушылықты қалыптастыру және қолдау мақсатында ұйымдастырылады.

Акцияға қатыса отырып, Қатысушылар осы ережелерді толығымен қабылдайды және олармен келіседі.

1. Жалпы ережелер:

1.1. Акцияның 1-ші операторы «Progression SA» (Прогрэшен Си Эй) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мекенжайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, 447) бұдан әрі Mastercard Europe SA (бұдан әрі – «Акцияға тапсырыс беруші») тапсырысы бойынша «Акцияның 1-ші Операторы» деп аталады.

1.2. Ұйымдастырушы - Акцияның 2-ші операторы – «Береке Банк» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ), бұдан әрі «Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторы», «Банк».

2. Акция Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

2.1. Акция өткізілетін жалпы мерзімі - жүлделерді табыстау мерзімін қоса алғанда 2025 жылғы «25» ақпаннан бастап 2025 жылғы «01» маусымға дейін (бұдан әрі - «Акцияны өткізу кезеңі»).

2.2. Акция қатысушысы атануға болатын сауда жасау кезеңі – 2025 жылғы «25» ақпаннан бастап 2025 жылғы «13» сәуірге дейін.

2.3. 2025 жылғы 16 «сәуір» – ұтыс ойын өткізілетін күн.

2.4. 2025 жылғы 20 «сәуірден» 2025 жылғы 15 «мамырға» дейін – билеттерді сатып алу және визалық алымдардың төлемін жүзеге асыру кезеңі.

2.5. 2025 жылғы 25 «мамырдан» 2025 жылғы 30 «мамырға» дейін – жеңімпаздардың Германияның Мюнхен қаласына ұшуы.

2.6. 2025 жылғы 31 «мамыр» – Мюнхен қаласында, Германияда UEFA футбол матчының өту күні.

2.7. 2025 жылғы 1 «маусым» – қатысушылардың (жеңімпаздардың) кері ұшу күні және Акцияның аяқталуы.

3. Акцияға бұдан әрі мәтін бойынша «Карта ұстаушылар», «Қатысушылар» деп аталатын Банктің Mastercard® карталарының (бұдан әрі мәтін бойынша – «Карта») қазіргі және әлеуетті ұстаушылары болып табылатын Қазақстан Республикасының кәмелет жасқа толған азаматтары және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар, Қазақстан Республикасы аумағында тұратын тұлғалар қатыса алады. Карта төменде аталған электронды әмияндардың біреуіне бекітілген болуы тиіс: Apple Pay, Google Pay, Samsung Pay, Garmin Pay. Жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалар, сондай-ақ Акция Ұйымдастырушылардың және Акцияның 1-ші Операторының қызметкерлері мен өкілдері, олардың отбасы мүшелері, олармен үлестес тұлғалар, Акцияны дайындау, ұйымдастыру және өткізуге байланысты Ұйымдастырушылармен және Оператормен шарттық қарым-қатынастағы үшінші тұлғаның қызметкерлері мен өкілдері Акцияға қатыса алмайды.

4. Акцияның 1-ші Операторы, Ұйымдастырушы - 2-ші Оператор және оған Қатысушылардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Қатысушының құқықтары:

- жария ресурстарда Акцияны өткізу мерзімдері мен талаптары туралы ақпарат алу;
- Акцияның Ұйымдастырушысы және 1-ші Операторы туралы мәлімет алу;

- Акция жеңімпазы деп танылған жағдайда, осы Ережеге сәйкес Акция жүлделерін беруді талап ету.

4.2. Қатысушының міндеттемелері:

- осы Ережені сақтау, оның ішінде осы Ережеде белгіленген мерзімдерде Акцияға қатысумен байланысты барлық әрекеттерді орындау;
- Интернет, телефон және т. б. үшін шығыстарды қоса алғанда (бірақ олармен шектелмей) Акцияға қатысуға және Жұлделер алуға байланысты барлық шығындарды өз бетінше көтеру;
- осы Ережеде және ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді атқару.

4.3. Акцияның 1-ші Операторы мен Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторының құқықтары:

- Акция өткізілетін кезең ішінде осы Ережеге өзгерістер енгізу. Бұл ретте осы Ереженің кез-келген өзгерістері туралы ақпарат <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/offers-promotions/football2025.html> және www.berekebank.kz (әрі қарай – Сайт) сайттарында жарияланады;
- осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, Акцияға Қатысушылармен жазбаша келіссөздер немесе кез-келген басқа әдістермен байланысқа түспеу;
- осы Ережеде көзделген жағдайларда, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ұсыну үшін Қатысушылардан қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрату;
- 14 күнтізбелік күнге дейін талап етілмеген немесе Акция жеңімпаздары кез келген себептермен Жұлделерді алудан бас тартқан жағдайда, Акцияның Жүлде иелерінің жалпы санын азайту. Бұл ретте көрсетілген Жұлделер Акция аяқталғаннан кейін берілмейді және Акция Ұйымдастырушысы мен 1-ші Оператор оларды өз қалауы бойынша пайдаланады;
- Қатысушының осы Ережені сақтамау фактісі анықталған жағдайда, Акцияға Қатысушыға жүлде беруден бас тарту.

4.4. Акцияның 1-ші Операторы мен Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторы келесілерге міндеттенеді:

- Акцияның 1-ші Операторы мен Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторы осы Ережені сақтау, оның ішінде Акцияны өткізуге байланысты барлық әрекеттерді осы Ережеде белгіленген мерзімдерде орындау;
- Акцияның 1-ші Операторы мен Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторы осы Ережеге сәйкес Акцияның өткізілуін қамтамасыз ету;
- Акцияның 1-ші Операторы Акция жеңімпаздарына осы Ереженің 7.1.2-тармақшасында көзделген сыйлықтарды беру;
- Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторы Акция ережесін Сайтта орналастыру арқылы Акцияға Қатысушыларды оны өткізу Ережелері туралы хабардар етуді қамтамасыз ету;
- Акцияның 1-ші Операторы жүлделерді берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акцияны өткізу барысында Акцияға Қатысушылар алатын Жұлделерге салықтардың төленуін қамтамасыз ету.
- Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторы билеттерді және визалық алымдарды беру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтардың төленуін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

5. Акцияның 1-ші Операторы мен Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторы Акцияның мақсаттары үшін келесілерді есепке алмайды:

- осы Ереженің 3-т. талаптарына сәйкес келмейтін тұлғалар жасаған операцияларды;
- сауда жасау кезеңі 2025 жылғы «25» ақпаннан бастап 2025 жылғы «13» сәуірге дейінгі кезеңнен тыс уақытта жасалған операцияларды;

6. Акцияға Қатысушы болу үшін Сауда жасау кезеңі аясында:

6.1. Қазіргі уақытта Банктің Mastercard® картасының ұстаушысы болу қажет.

6.1.1. Қатысу үшін Банктің Mastercard® картасын акция кезеңінде электрондық әмияндардың аталған түрлерінің біріне бекіту керек: Apple Pay, Google Pay, Samsung Pay, Garmin Pay

- Wallet (Apple смартфондарында), Samsung Pay (Samsung смартфондарында), GPay (Android операциялық жүйесі бар смартфондарда), Garmin Pay мобильді қосымшасына кіріңіз;
- Банктің Mastercard картасын сканерлеңіз;
- Банктен келген SMS-хабарламадағы кодпен бекітуді растаңыз немесе Банктің кейінгі нұсқаулықтарын орындаңыз;

- Картаны электрондық әмияндарға бекіту және оны одан әрі пайдалану туралы толығырақ төмендегі сілтемелерден қараңыз:
ApplePay <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/products/contactless/apple-pay.html>
SamsungPay <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/products/contactless/samsung-pay.html>
GPay <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/products/contactless/google-pay.html>

6.1.2. Жұлделер ұтысына қатысу үшін заңда тыйым салынбаған кез келген сауда-сервистік кәсіпорындарда акцияның бүкіл кезеңі ішінде кемінде 200 000 (екі жүз мың) теңге жиынтық сомасына ұялы телефонды немесе смарт-сағатты пайдалана отырып, тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру қажет.

6.2. Жасалған операциялар Ұйымдастырушылар қалыптастырған Акцияға Қатысушылардың тіркелген Операцияларының жалпы тізіміне Операцияны тіркеу уақыты (DD:MM:YYYY) бойынша хронологиялық тәртіппен енгізілетін болады.

6.3. Осы Ереженің 6.1 тармағында көрсетілген әрекеттерді орындағаннан кейін, Карта ұстаушысы Акцияға Қатысушы болады.

6.5. Акцияда бір Қатысушы жасаған Операциялардың саны шектелмейді.

7. Акцияның жүлде қоры және жүлделерді бөлу тәртібі:

7.1. Акция Жеңімпаздарын анықтау және Жұлделерді бөлу тәртібі.

7.1.1. 7.1. тармақтың 7.1.2 тармақшасында көрсетілген жүлделердің бірін алуға Үміткер болу үшін Қатысушы заңда тыйым салынбаған кез-келген сауда-сервистік кәсіпорындарда акцияның бүкіл кезеңі ішінде кемінде 200 000 (екі жүз мың) теңге жиынтық сомасына ұялы телефонды немесе смарт-сағатты пайдалана отырып, тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеуі тиіс.

7.1.2. Қатысушы жалпы сомасы 200 000 теңгеге транзакциялар жасаған жағдайда, ол жүлдені ұтып алудың 1 (бір) мүмкіндігіне ие болады. Карта ұстаушысы жалпы сомасы 200 000 теңге болатын бірнеше рет сауда жасаған жағдайда, оның жеңіске жету мүмкіндігін ұтыс ойынын өткізетін Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторы айқындайды.

Жұлденің атауы	Саны	Шығындарды көтереді	Жұлделерді табыстайды
1 деңгейдегі жүлделер Мюнхенге UCL финалына жолдама	Жалпы саны – 2 (екі) тур. Турға Мюнхен орталығындағы 4* қонақ үйдегі екі адамға арналған бөлмеде тұру (3 күн 2 түн), матчқа 2 (екі) CAT 1 билеті, Мюнхенде әуежай-қонақ үй-әуежай трансфері, Allianz Arena стадионына матчқа бару және қонақ үйге қайту, брендті мерчендайзинг кіреді.*	1-ші Оператор	1-ші Оператор
2 деңгейдегі жүлделер Мерчендайзинг MC x UCL	Mastercard және УЕФА брендингі бар кем дегенде 10 мерчендайзинг жиынтығы, оның ішінде: 1 (бір) рюкзак, 1 (бір) футболка, L өлшемді, 1 (бір) суға арналған бөтелке, 1 (бір) кілттерге арналған салпыншақ.	1-ші Оператор	1-ші Оператор
Әуебилеттері және визалық алым	Барлығы: 8 билет (барып, келу) және екі жеңімпаз пен олардың екі серігі үшін визалық алым	Ұйымдастырушы – 2-ші Оператор	Ұйымдастырушы – 2-ші Оператор

**1-деңгейдегі Жұлделерге сәйкес келетін Акцияның жеңімпаздары және олардың Германия Мюнхенге сапары кезінде олармен бірге жүретін серіктері 18 жастан жоғары болуы керек. Кәмелетке толмағандарға УЕФА Чемпиондар лигасының финалдық турларына қатысуға рұқсат етілмейді. Акцияның 1-ші Операторы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары үшін Серіктестік Жұлделері (ЖТС 10% және ҚҚС) және Қазақстан*

Республикасының тұруға ықтиярхаты бар резидент еместер үшін (ЖТС 1% және ҚҚС) бойынша шығындарды көтереді және салық төлейді. Ұйымдастырушы – Акцияның 2—ші Оператор жеңімпаздар мен олардың серіктері үшін билеттерді және визалық алымдарды сатып алу шығындарын көтереді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салықтарды төлеуге міндеттенеді.

7.2. Акция кезінде Ұйымдастырушы – 2-ші Оператор бөлімшелерінің өзара әрекеттесу тәртібі:

7.2.1. Маркетинг және коммуникациялар блогының маркетинг және жылжыту басқармасы (Соломченко М.В.) Акцияны 2025 жылғы 25 ақпаннан 2025 жылғы 13 сәуіріне дейін өткізеді және маркетингтік қолдау көрсетеді.

7.2.2. Цифрлық және қайталама сату департаменті (Сибирцев П.В.) Акцияға қатысушыларға 2025 жылғы 16 сәуіріне дейін push-хабарламалар/SMS хабарламалар жібереді және Акцияның бүкіл кезеңінде хабарландыру процесін бақылайды.

7.2.3. Цифрлық және қайталама сату департаменті (Сибирцев П.В.) Банктің мобильді қосымшасында 2025 жылдың 13 сәуіріне дейін Акцияға арналған жарнамалық баннерлерді орналастырады.

7.2.4. Маркетинг және жылжыту бөлімі (Соломченко М.В.) ұтыс ойынын өткізеді, жеңімпаздарды анықтайды және ұтыс ойынының нәтижелері бойынша 2025 жылғы 16 сәуірде Хаттама жасайды.

7.2.5. Жабдықтау орталығының басшылығы (Узбеков М.М.) 2025 жылғы 20 сәуірден бастап 2025 жылғы 15 мамырға дейінгі кезеңде Маркетинг және жылжыту басқармасы ұсынған ұтыс ойыны туралы хаттама негізінде Акция жеңімпаздары мен олардың серіктері үшін әуебилеттерді сатып алуды жүзеге асырады және визалық алымдарды төлейді.

7.2.6. Маркетинг және жылжыту басқармасы (Соломченко М.В.) 2025 жылғы 15 мамырдан 2025 жылғы 25 мамырға дейінгі мерзімде жеңімпаздар мен олардың серіктеріне әуе билеттерін, сондай-ақ визалық алымдарды қабылдау-тапсыру актісі негізінде береді. Қол қойылған қабылдау-тапсыру актілері мен Ұтыс ойынның Хаттамасы 2025 жылғы 15 мамырдан бастап 2025 жылғы 27 мамырдан кешіктірілмей ұсынылады.

7.2.7. Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің Ішкі банктік операциялар департаменті (Меренкова Н.Г.) Акция бойынша шығыстардың есебін Жүлдені қабылдау актісі мен Ұтыс ойыны Хаттамасы негізінде 2025 жылғы 31 мамырдан кешіктірмей жүргізеді.

7.2.8. Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің Салық есебі басқармасы (Сембиева А.Қ.) қабылдау-тапсыру актісі негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде және тәртіпте Банк қаражаты есебінен Жүлделердің құнын есептен шығарудан туындайтын салықтарды төлейді.

7.3. Акцияға қатысқаны үшін Жүлделерді бөлу тәртібі:

7.3.1 Жүлделер ұтыс-ойынына осы Акция ережесінің (6.1-6.1.2-тармақтар) талаптарына сәйкес келетін барлық Қатысушылар жіберіледі. Жеңімпаздарды анықтау арнайы компьютерлік бағдарламаның көмегімен әр қатысушыға берілген реттік нөмірлерді кездейсоқ анықтау арқылы жүзеге асырылады. Жеңімпаздарды Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторы анықтайды. Жеңімпаздарды анықтаған кезде Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторы әр жүлдеге негізгі және екі резервтік жеңімпазды таңдайды.

7.3.2. Ұтыс ойыны Акция аяқталғаннан кейін 1 рет өткізіледі. Ұтыс ойын өткізілетін күн – 2025 жылғы 16 сәуір. Ұтыс ойынының нәтижелері Хаттамамен рәсімделеді.

7.3.3. Қатысушы тек Акцияның 1-ші Операторы мен Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторынан тек 1 (бір) жүлдені ғана ұтып ала алады. Басқа банктерден жүлдені ұтып алған жағдайда, Акцияның 1-ші Операторы мен Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторы Акция жүлделердің бірін беруден бас тартуға құқылы.

8. Акция жүлделерін алу талаптары

8.1. 7.1.3-тармақта көрсетілген Жүлделерді алу талаптары, тәртібі және мерзімдері:

8.1.1. Жеке деректерді нақтылау үшін Акцияның 1-ші Операторы мен Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторының өкілдері Акция жеңімпаздарына хабарласатын болады.

8.1.2. Жүлде алушы жеңімпаздарды хабардар ету ұтыс ойыны өткізілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушылар банктердің қызметкерлерінің қоңырау шалуы арқылы жүзеге асырылады.

8.1.3. Ереженің 7.1.тармағының 7.1.2. тармақшасында көзделген Жүлделерді алу үшін Жеңімпаз Жеңіс туралы хабарламаны алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде Акцияның 1-ші Операторы мен Ұйымдастырушы – Акцияның 2-ші Операторына электрондық пошта арқылы келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

- Міндетті түрде ЖСН көрсетілген жеке куәліктің сканерленген көшірмесі (екі жағынан) (аты-жөні Mastercard картасын алған кезде банкте көрсетілген деректерге сәйкес келуі тиіс);
- Жеңімпаздың нақты тұрғылықты мекенжайы;
- Ұялы телефон нөмірі.

Жеңімпаздардың деректері 1-ші Оператор мен Ұйымдастырушы- 2-ші Оператор тарапынан жүлде қорының аударымын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын болады, оның ішінде РК азаматтары үшін 10% жеке табыс салығын (жеке табыс салығы – жүлдеге 10%) және РК резиденті емес тұлғалар үшін 20% жеке табыс салығын (жеке табыс салығы – жүлдеге 20%) төлеу үшін қолданылады.

8.1.4. 1-деңгейдегі Жүлделерге үміткер болатын Акция Жеңімпаздары мен Лондонға сапарында олармен бірге жүретін серіктестер 18 жастан үлкен болуы тиіс. УЕФА Чемпиондар Лигасының финалына арналған турларға кәметке толмағандардың қатысуына рұқсат берілмейді.

8.2. Барлық жүлделер Жеңімпаздарға 2025 жылғы 30 мамырға дейінгі мерзімде беріледі.

8.3. Матчқа билеттерді Жеңімпаздар матч қарсаңында кеште UEFA мобильді қосымшасында алады. Матчтің күні – 2025 жылғы 31 «мамыр».

8.4. Егер жүлдені 14 күнтізбелік күн ішінде талап етпеген жағдайда немесе жеңімпаздар қандай да бір себеппен жүлдені алудан бас тартса, Акция жүлделерінің иегерлерінің жалпы саны азаяды. Осы кезде аталған Жүлделер Акция аяқталғаннан кейін берілмейді және Ұйымдастырушылар мен Оператордың қалауы бойынша пайдаланылады.

9. 1-ші Оператор мен Ұйымдастырушы- 2-ші Оператор келесілер үшін жауапты болмайды:

9.1. Қатысушылардың кінәсінен немесе байланыс ұйымдарының, курьерлік және пошта қызметтерінің кінәсінен немесе 1-ші Оператор мен Ұйымдастырушы- 2-ші Оператор тәуелді емес өзге де себептер бойынша Акция Жүлделерін алу үшін қажетті пошта жөнелтілімдерін, мәліметтерді/құжаттарды алмау/уақытылы алмау;

9.2. Акцияға Қатысушылардың осы Ережеде көзделген міндеттерді орындамауы (уақытылы орындамауы) немесе Акцияға Қатысушылардың Акция туралы Сайттағы ақпаратпен танысуға мүмкіндігінің болмауы;

9.3. 1-ші Оператор мен Ұйымдастырушы- 2-ші Оператор өкілдерінен қоңырау шалу арқылы деректерді жинаған кезде, Акция Жеңімпаздары көрсеткен деректердің, байланыс және өзге де ақпараттың дұрыстығы, дәлдігі және шынайылығы, ал осыған байланысты олар көрсеткен байланыс телефондары бойынша Акцияға Қатысушылармен байланысудың мүмкін болмауы, сондай-ақ Қатысушылардан алынған ақпаратты Акция мақсаттары үшін, оның ішінде Жүлделер беру мақсаттары үшін пайдаланудың мүмкін болмауы, оның ішінде – 1-ші Оператор мен Ұйымдастырушы- 2-ші Операторға байланысты емес өзге де себептер;

9.4. Акцияға Қатысушылардың Жүлделерді талап етпеген немесе олардан бас тартқан жағдайда, сондай-ақ Акцияны Ұйымдастырушылар мен Операторына тәуелді емес өзге де себептер бойынша Акцияға Қатысушылардың Жүлделерді алмауы;

9.5. Қатысушылардың Акцияға қатысуына байланысты олардың өмірі, денсаулығы, моральдық және/немесе психикалық ауытқуы.

10. Акцияның өзге талаптары:

10.1. Акция туралы толық ақпаратпен Қатысушылар оны Өткізетін кезеңде <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/offers-promotions/football2025.html> сайтында танысып шыға алады.

10.2. 1-ші Оператор мен Ұйымдастырушы- 2-ші Оператор Акцияны өткізетін кезеңде осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Бұл ретте осы Ережеге енгізілетін кез келген өзгерістер туралы ақпарат Сайтта орналастырылады.

10.3. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы осы Ережелермен толық танысқанын және келісетінін, атап айтқанда, бірақ алармен шектелмей, мыналарға өз келісімін беретінін растайды:

- Құпиялылық туралы хабарламада көрсетілген талаптарға сәйкес дербес деректерді өңдеу; осы Құпиялылық туралы хабарлама осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылады;
- 1-ші Оператор мен Ұйымдастырушы- 2-ші Оператордан немесе уәкілетті үшінші тұлғалардан осы Акцияны өткізуге байланысты ақпараттық SMS-хабарламаларды алу.

10.4. Ұйымдастырушы- 2-ші Оператор Жеңімпаздар мен Жүлде иегерлерін анықтаған кезде, Ұйымдастырушылар Акцияға қатысудан шеттету туралы шешім қабылдаған Қатысушылардың Өтінімдерін есепке алмайды.

10.5. 1-ші Оператор мен Ұйымдастырушы- 2-ші Оператор Ережеде заттай нысанда айқындалған Жұлделер құнының ақшалай баламасын төлемейді, сондай-ақ Жеңімпаздардың қалауы бойынша Жұлделерді алмастырмайды. Жеңімпаз(-дар) жүлдені алудан бас тартуға құқылы, бұл ретте 1-ші Оператор мен Ұйымдастырушы- 2-ші Оператор Жеңімпазға қандай да бір ақшалай қаражат/өтемақы төлемейді.

10.6. Акцияның 1-ші Операторы мен Ұйымдастырушы - 2-ші Оператор біржақты тәртіппен және себебін түсіндірмей кез-келген сәтте Қатысушылардың немесе Жеңімпаздардың қатарынан келесі тұлғаларды алып тастауға құқылы:

- Жұлделерді беру үшін осы Ережеде белгіленген құжаттарды, ақпаратты, мәліметтерді ұсынбаған;
- осы Ереженің 3-тармағына сәйкес келмейтін тұлғалар;
- өзі туралы бұрмаланған ақпарат берген немесе оларға қатысты негізсіз Жүлде алу мақсатында алаяқтық әрекеттер жасағаны туралы күдік бар.

